



**Шахабаева П.**

**АЛМА АТАУЛАРЫНА  
БАЙЛАНЫСТЫЛЕКСИКА  
АЛМА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ  
ТҮРЛЕРИНЕ БАЙЛАНЫСТЫ  
ЛЕКСИКА**

*В статье рассматриваются названия виды слов “алма”, его тюркоязыческие лексические схожесть и различия.*

*The names and kinds of the Turk word “apple” and its lexical similarities and differences are considered in this article.*

Алма –раушанғұлділер тобына жататын жеміс ағашы. Қазіргі қазақ әдеби тілінде алма сөзі бір ғана аталған тұлғада қолданылады. Ал қазіргі өзбек тілі мен оның диалектілерінде төрт түрлі әлмә, алма, олма, олмо тұлғаларында ұшырасады [1.17].

Алма сөзі қазіргі ұйғыр, қарақалпак, кыргыз, түркімен тілдерінде алма тұлғасында қолданылады. Сондай –ақ алма сөзі әртүрлі фонетикалық вариантарда Орта Азия түркі тілдерінен басқа да түркі тілдерінде кездеседі; түрік пен гагаузыз тілдерінде элма [2.5], чуваш тілінде улма [3.6], тува, саха, хакас тілдерінде яблок [4.7].

Алма сөзі көне түрік тілдеріндегі жазба мұраларда мол ұшырасады. Махмұд Қашқари сөздігінде алма тұлғасында кездеседі [5.150], Аштұхфа еңбегінде алма вариантында созылмалы а: дыбысы арқылы қолданылған [5.61], Замахшарий сөздіктерінде алма тұлғасында кездеседі [6.99].

Көптеген түркі тілдерінде алма сөзі еki түрлі лексикалық мағынада қолданылады. Біріншісі - алма ағашы мағынасында, екіншісі - сол ағаштың жемісі мағынасында. Алма егілді; Піскен алма шырын болады (газеттен).

Ұфқа туташган алма боллари  
Тукиби бенадат барака – хосил  
(Холил Расул «Олқили»)

Ұйғыр тілінде  
Қаш атарим келиду,  
Қарпик атарим келиду.  
Белига алма тугуп,  
Ялғанчи ярим келиду.

(Ұйғыр халық макалы)

Қазіргі татар мен башқұрт тілінде алма сөзі картоп мағынасында да қолданылады [6.26]. Қазіргі өзбек пен түркімен тілдерінде ер болмаси тіркесі арқылы қолданылғанда картоп мағынасын береді [6.56]. Этнолингвистикалық жақтан талдағанда түркі халықтары алма сөзіне байланысты көптеген тіркестерді қолданады: башқұрт тілінде күз алмапы, алмапы барат; татар тілінде күз алмасы (глазное яблоко), сындық мағынада олма гүл ранг – алма гүлі рені (түсі), түркімен тілінде ер алма – картоп мағынасында қолданылады.

Қазіргі өзбек тілінде олма сөзі тіркесін келу арқылы дene мүшесі мағынасында да қолданылады: кенірдек олмасы - кенірдектін жұтынғанда әрекет етіп тұратын белігі, олма гули, алма гул румал, алма гүлдеген кез, Туйлари олма гулида булған әди [6.145],



алмагул - гүлдін бір түрі, алмаруқ - қауынның бір түрі, алмаруқта вуз – алма ұрығы сиякты майда, кішкене ұрығы бар қарбыз түрі ретінде қолданылады. Аталған мысалдар өзбек тіліндегі алма жемісінен ербіген сөздердің кен мағынада қолданылатынын көрсетеді.

Түркі тілдерінде алма жемісінің атауы дене мүшелеріне, іс -эрекет түрлеріне, әлеуметтік топқа байланысты да қолданылады: қазақ тілінде көз алмасы, жанжал алмасы, қызы алмасы деген тіркестер осының дәлелі. Қол батпаған алмасы (Бойжеткен қыздың емшегі).

Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,  
Алмасы өкпе болар, қол батпаған. (Абай)

Қырғыз тілінде көз алмасы, түркі тілінде гөз алмасы тіркесінде жер жаңғақ мағынасын береді [7.170].

Қазіргі түркімен тілінде алма сөзіне байланысты туындаған, қойылған топонимдер мол ұшырасады. Алма – Гаррыгала районында алмалы дерәнин ады [7.36.(Атаниязов)].

Қазіргі қырғыз тілінде алма атына байланысты ауыл бар: Алма –Ош облыстын Шайдан сельсоветіне Қараштуу қыштақ [8.174] Қирғ СЭ.І].

Грамматикалық категория ретінде қазіргі түркі тілдерінде алма сөзіне әр түрлі - ли, -лик, -зор, - дай, -чи, -ча, -хан, -дош, -симон сиякты аффикстер қосылып зат есім және басқа сөз таптары жасалған. Қазақстанда Іле өзені жағасында Алмалы деген көне қала бар (8.279). Өзбек тілінде олмазор алма бағы.

Өзбек тілінің Хорезм диалектісінде - зар аффиксінін орнына -лық аффиксі қолданылады. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрік, түркімен тілдерінде де – лы, лық / лик аффикстері қолданылады: қазақ алмалы, Алмалық, Алмалы (ХІІІ –ХІҮ ғасырдағы Шағатай хандарының отыратын орны, кала аты), алмалықтар (алма тұқымдастар) [8.32], қарақалпақ тілінде алмалы, қырғыз тілінде алмалуу жер. Қазіргі қазақ тілінде алмалуу сөзі бірнеше елдімекеннің атауы ретінде қолданылады. Алмалуу Ош облысындағы қыстақ атауы, Алмалуу – Кемин ауданындағы қыстақ атауы [8.27], түркі тілінде елмали, елмалик; түркімен тілінде алмалы дүзлік, Алмалы Бәхерден ауданындағы жер атауы [8.36]. Бұлардан басқа Ташкент облысында Олмолиқсой бойында Олмолик, Сырдария және Қашқадария облыстарында Олмозор деген қыстактар бар [8.81].

Қазақстанда Іле өзенінің бойында Алмалы деген көне шаһар бар [8.79]. Қараиым тілінде де алма сөзі алма ағашы мағынасын береді.

Қазіргі өзбек, ұйғыр, түрік тілдерінде - уи, -пурум аффикстері көмегімен алма өсіруші мамандық атауы жасалса, қазіргі өзбек тілінде – хан аффиксі қосылып, адам және жәндіктердің, хайуанаттардың атауы жасалған: өзбек тілінде Олмохон Хантова, орманда өмір сүретін кішкене кеміруші жәндік аты да өзбек тілінде алмохон, Ұйғыр тілінде ормандағы тыныңды алмихан дейді, қазақта Алмажан Азаматқызы – қазақтың ақын қызы. Алма сөзі көптеген түркі тілдерінде түр-түсті білдіріп, сын есім мағынасында жұмсалады [3.36]:

Олмотининг олмосиндең қон толошқан юзларинг (F. Гулом), қарақалпақ тілінде беті алмадай, қазақ тілінде екі беті алмадай, ұйғыр тілінде икки маңзи алмидек. (Турди И). Қырғыз тілінде алмадай башын чабайын (фольклор), түркімен тілінде янақлари алмадек (Поэма.Н). Өзбек тілінде алма сөзіне – симон аффиксі қосылу арқылы сын есім жасалады – алмасимон бехи. [ұзб .201 бет]. Өзбек тілінде олмодош сөзі алматұқымдастар деген ұғымда қолданылады, ал - ча аффиксі қосылу арқылы кішкентай алма ұғымын береді, сондай-ақ алмача сөзі эмоционалды мағына беру үшін де жұмсалады. Олмоча – ю – олмоча, Анар курбонинг булоі..., ұйғыр тілінде «Алмачи анарин мән болай, чөллөрде хәмрәйн мән болай»- деген халық мақалы бар.

Қазіргі түркімен тілінде - ча аффиксінін орнына – жық аффиксі қолданылады. Алмажық – бекерден районда дере, шешме [4.36]. Өзбек тілінде олма сөзі ақ олма, қизил олма, ұйғыр тілінде тилла алма, бехи алма сиякты қолданыстар бар, сондай-ақ олмабаш, алмақанд, алма чай түрінде қолданылады.

1. Орта Азия түркі тілдерінде алма түрлері мен сорттарына байланысты этнолингвистикалық қолданыстар да мол ұшырасады: өзбек тілінде: қандал олма, тарғыл олма, әшак олма, қумоқ олма, стакан олма, Ұйғыр тілінде: алмабеки, апельсин алма, гуруч алма, журек алма, кимиз алма, яцию алма, төгә алма, таш алма, шарақ алма, кәтмән алма, қанақ алма, муз алма, нәшпүт алма [2.103], түркімен тілінде: әшәг алма, ғызыл алма, ақ алма, тоқай алма, хытай алма, қырғыз тілінде: ыстақан алма, әшек алма, хужан алма, азуу алма, ун алма, сут алма, пахта алма, сопақ алма, орус алма, қотур алма, чилги алма, ит алма, бий алма, қөмпир алма, кенже алма, балхы алма, күзгү алма, ачық алма,



бұркүт алма, ақ алма (Мұхамбаев), қазақ тілінде: құлжа алма, Алатау таны алмасы, ақ апорт, Қазакстан рекеті алмасы, жидекті алма, Алматы апорты алмасы, қызыл күрен апорт алма, қара алма, көк алма [3.46].

2. Алмадан даярланатын заттар атауын білдіреді. Өзбек тілінде: олмачай, олма қием, олмақоқи, олмақаңд, қазақ тілінде: алмашай.

3. Қала, құс, құрал және басқа атауларды білдіреді. Өзбек тілінде Олмаота, олмобош – үйректін бір түрі, олма гули, олма гули қаити – мерзімді білдіреді, олмагұллилар ойлоси – алмагұлділер семьясы, олмагұлаби - қауын түрі, қора алма- ферғанадағы жанғақ түрі [4.13], олмакәди - аскабақ түрі, ұйғыр тілінде: алмарук товиз (қарбызы) алмарук қовун (қауын). Қазақ тілінде: алмағайып іс - қауіпті, кательлі іс, қырғыз тілінде: алмабаш - шоқпар түрі. Алма баш деген баран бар, ашынып жүрген жонунда [5.42], түркімен тілінде: алмагұлаби – қауын түрі, алмакәди – аскабақ түрі, алмабаш - үйрек түрі, түрік тілінде елмабас – (elmadas) – үйректін бір түрі.

4. Алма сөзіне байланысты географиялық атаулар:

Алмалысай, Алма – Арасан [6.31.32], қырғыз тілінде Көк алма, Қара алма, Қызыл алма атты жер атаулары бар [7.104], өзбек тілінде Қизилолмасай, Олмаликсоғ- Ташкент облысындағы жер атты, Алмагукур сияқты жер атаулары бар [4.45].

5. Қазіргі қазақ, өзбек, қарақалпақ тілдерінде беттің, адамның кескін - келбетінін түрін білдіреді. Алма беттер албырап, Тұлымдары салбырап, Тындалп отыр сабағын (Ф.Орманов), Ат жақты, алма мойын, түйме басты, Қөрінер тамағынан ішкен асы (О.Шипин), өзбек тілінде Оқ олма юзли. Оқ олма юзли Насиба мактабдашим кулиб турди («Тошкент оқшоми»), қарақалпақ тілінде алмабет сөзі колданылады.

6. Алма сөзі мақал – мәтеддердің құрамында кездесіп, оларға негіз болады. Қазақ тілінде: Алма піс, аузыма тұс, құмық тілінде: Алма терегінден ары тұшбес, өзбек тілінде: Олма пиш, ағзимга туш, ұйғыр тілінде: Алма пиш, ағзима чуш.

Бірқатар Орта Азия түркі тілдерінде алма қос сөздер құрамында қолданылады. Қазақ тілінде алма – кезек, алма - өрік, өзбек тілінде. Олма пиш, олма – урик, олма – кезэк т.б.

Алма сөзінін этимологиясы туралы ғалым – тілшілердің әр түрлі пікірлері кездеседі. Мысалы, Ишанқұловтың пікірінше алма сөзі мә - аңы – ал – қызыл сөздерінін бірігінен жасалған, автордың баяндауынша екінші варианты кавказ тілдерінен ауысқан, себебі черкес пен кабардин тілдерінде алма атауы «мә» деп аталады [9.31]. К.Махмудов алма сөзі олуғмо – ар суы деген сөзден шыққан дейді [10.53].

Алма түрлерін атайдын терминдер өздерінін жасалу жолдары және жасалу принциптері бойынша әр түрлі [10,145]. Алма атауының шығуының әр түрлі себебі бар. Алма атауын білдіретін терминдердің пайда болуы, көрінісі, бұтағы мен ағашының әр тектілігі, шеттен алынуы мен селекционерлердің шығару ерекшеліктері ескеріліп отырылғандығы байқалады. Осыны қорыта келе қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ тілдеріндегі алма атауына байланысты сөздер төмендеғідей бес түрлі жолмен жасалған деген тұжырымға келуге болады:

1. Тұр –тұсіне байланысты койылған алма атаулары: ок розмарин, пушту кальвиль, сарқ бельфлер, пушту заравшан, қазақ тілінде ақ апорт, ақ налив, қара алма т.б.

2. Дәміне, тәттілігіне байланысты: өзбек – қимизақ алма, аччик алма, ширин олма т.б., қырғыз – чекеринун алма, қымыззек алма т.б.

3. Әр түрлі зат пен құбылысқа ұқсату жолымен қойылған алма атаулары: тош олма, эшак олма, жүрек олма т.б.

4. Шыққан жеріне, өсірілген орнына қарай жасалған алма атаулары: Антоновка, Сайрам алма, Алматы апорты, құлжа алма, хытай алмасы т.б.

5. Пісіп жетілу мерзіміне қарай жасалған алма атаулары: күзгі алма, шілдекі алма т.б.

Алма атауының шығуы, аталауының екі түрлі қабатын байқауға болады. Біріншісі – түркі халықтарының төл, тарихи алма атаулары, екіншісі – орыс тілі мен орыс тілі арқылы басқа шет тілдерінен енген кірме атаулар.



### Алма сөзінің түркі тілдерінде колданылуы

Өзбек	үйғыр	қарақалпак	Қазақ	қырғыз	Түркімен
Олма, өлмә (құқ), алма (хоразм), олма (Тошқ, Фреғ) олмә, Олмаота, кораолма, ер олмаси «картошка», олма чилик, олмазор, Олмалиқсой, Олмалиқ, олмачи, олмапуруш, Олмахон, олмадек, олмадашлар, олмагуллilar, олмача, олмагул, олмабош, олмақанд	Алма, (өлмә, алмә, а:ма, амма), алмачи, алмидай, алмагұл, алмилиқ алмизар, алмизарлық, алмизарлуш, алмагұл, алмуруқ, Алмута, алмабеңи, гүрүч алма, төгә алма, кимиз алма, муз алма, капақ алма, нәшпүт алма,	Алма, көз алмасы, бетинин алмасы. Алма гул, алмалы, алмадай, алмабет, алмабет, ақ алма, бахлы алма, бийалма, ит алма, котур алма, ун алма, чилги алма, чырыч алма, Хужан алма, суталма, пахта алма, қымызек алма.	Алма, көздін алмасы, алмадай, алмабаш, алмадай, алмабет, алмамойын Алма Арасан, кек алма, жанжал алмасы, Алматы, қызыл алма, кара алма, Сиверс алмасы, жидек алма	Алма, көз алмасы, алмадай, алмабаш, алмалуу, ачық алма, ақ алма, балхы алма, пахта алма, бий алма, пахта алма, сопок алма, Хужон алма, чилги алма, қымызек алма, сут алма, эшек алма, шайы алма.	Алма, Алмалық, алма баш, алма гул, алмажық, Алмачукур, Алмалыдағ, Алма атышан, токай алмасы, бабараб алмасы, алма кәди (ковок), алмагұлаби, Хытай алмасы, Хазараси алмасы

### *Әдебиеттер*

1. Ишанкулов. К историй названий плодов в узбекском языке, с 61.
2. Баратов Ш. Уйғур тилиниң Касипий лексикаси. Алмута, 1975. 103 бет
3. Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. М., 1975. с 195.
4. Джумаев О.М.Краткий туркменский словарь сельскохозяйственных терминов. Ашхабад, 1959. стр 39.
5. Узбек шевалари лексикаси. Т., 1966. 236- бет.
6. Наджип Э. Уйгурско – русский словарь. М, 1968. стр 8.
7. Тюркская лексикология и лексикография. М., 1971.стр 96.
8. Девону лугат- ит-турк. Тошкент, 1967.64 б.
9. Әт –тухфа. II
10. Фазылов Э. Староузбекский язык. I.П.И., 1971.с 693.